

«Бекітемін»
«Алтын сақа» жекеменшік
шағын орталық директоры:

Доебергенова А.К.

2023ж

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ
ҚАУПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Төтенше жағдайлар кезінде (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны) үрейленбеу керек. Әр тәрбиешінің міндеті – өзінің тобындағы балаларды құтқару, содан кейін мектепке дейінгі ұйым меңгерушісіне немесе әдіскерге нәтижелері туралы айту.

Олардың барлық нұсқауларын нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін түсінуі керек.

Эвакуациялық кіретін және шығатын есіктердің алдында қажетсіз заттар үйіліп жатпауы тиіс. Есіктерді ішкі жағынан оңай ашылатын бекітпенің көмегімен жабулы күйде ұстау керек.

Өрт бөлмеге енген жағдайда терезелерді ашуға болмайды, өйткені өкпек желден қатты өрт болуы мүмкін.

Тәрбиеші балаларға жанып жатқан үй-жайлардан жылдам шығу үшін мұрын мен ауызды дымқыл шүберекпен жауып, төрт тағандап, шығатын есікке қарай жылжу керектігін түсіндіреді. Егер өрт кезінде баланың киімі жанып кетсе, оны дымқыл шүберекпен орап, оттегінің енуін тоқтату үшін матаны денеге басу керек.

Ешқандай жағдайда киімді сөндіру үшін өрт сөндіргішті қолдануға болмайды, өйткені қосымша химиялық күйіктер алуы мүмкін.

Жанып жатқан үй-жайлардан балаларды іздеу балабақшаның барлық бөлмелері тексерілген жағдайда ғана тоқтатылады.

Өрт кезінде тәрбиеленушілер ойын алаңына шығарылып, меңгерушіге немесе ол болмаған жағдайда үй-жайдан эвакуациялау нәтижелері туралы әдіскерге хабарланады.

Тәрбиеші балаларға төтенше жағдайда (жер сілкінісі, су тасқыны) дереу тәрбиешіге немесе тәрбиешінің көмекшісіне жүгіну керектігін түсіндіреді.

Кереуеттердің, үстелдердің, шкафтардың артына тығылуға, басқа бөлмелерге қашуға т.б. болмайтындығын, бұл ересектердің сізді тез тауып, құтқаруына бөгет болатындығын түсіндіру керек.

Тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісінің барлық нұсқауларын орындау қажет.

Электр қазандықтары мен шәйнектер балалар бар топтарда пайдаланылмауы керек, сондай-ақ макулатура қоймалары немесе жанғыш металдар мен құрылыс материалдары тұрғын емес үй-жайларда сақталуы керек. Жабық кеңістікте отпашуларды, шамдарды жағуға болмайды.

